

Берігіміз
«Аялсуз» Бөбекжайы» ЖБЖ
ЖБЖЖ директоры м.а
Ж.К. А. Сүлейпова
«31» мамыр 2023 жыл

**Ересек "Бәйтерек" тобының 2023 жылға арналған жазғы сауықтыру іс-шарасының
перспективалық жоспары**

Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары
Ересек «Бәйтерек» тобы

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы 1 апта	
Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету.	01.06.2023ж
Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу».	02.06. 2023ж
Маусым айы 2 апта	
Музыкалық іс шара «Жайдары жаз»	05.06. 2023ж
Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады).	06.06. 2023ж
Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі».	07.06. 2023ж
«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат	08.06. 2023ж
Маусым айы 3 апта	
Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы ?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі ?» Ағаштардың суретін салу.	12.06. 2023ж
Таныс ертегі қойылымдарын сахналау.	13.06. 2023ж

«Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру	
Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру.	14.06. 2023ж
«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).	15.06. 2023ж
«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні	16.06. 2023ж
Маусым айы 4 апта	
Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	19.06. 2023ж
«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі» жайлы әңгіме	20.06. 2023ж
«Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындары. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу.	21.06. 2023ж
Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы.	22.06. 2023ж
«Болады-болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс	23.06. 2023ж
Маусым айы 5 апта	
Денсаулық іс – шарасы: «Су патшалығына саяхат» мерекелік қойылымдар өткізу	26.06. 2023ж
Үй жануарлары «Лағым» куту, су беру, еркелетіп ойнауды қалыптастыру	27.06. 2023ж
Шебер қолдар өнері: түймеленетін, бауланатын бұйымдарды түймелеуді, баулауды пысықтау	29.06. 2023ж
«Көңілді доп» үйірмесінде «Ақ доп, қызыл доп» атты ойындарды ұйымдастыру	30.06. 2023ж

Шілде айы 1 апта	
«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау. Қимыл-қозғалыс ойыны «бақшадағы қояндар».	03.07. 2023ж
Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу.	04.07. 2023ж
«Елімнің жүрегі –Астана», әңгімелесу. Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Менің сүйікті қалам» үздік ән байқауы.	05.07. 2023ж
Шілде айы 2 апта	
Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	10.07. 2023ж
Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ».	11.07. 2023ж
Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	12.07. 2023ж
Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу.	13.07. 2023ж

Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	
Денсаулық іс-шарасы: «жалпақ табандылықты түзету жұмыстарын өткізу «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.	14.07. 2023ж
Шілде айы 3 апта	
Ертегі шаңырағы: Киіз үйден немесе робаттардан (электронды құрал) ертегіні тыңдату	17.07. 2023ж
Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау	18.07. 2023ж
Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу, мүсіндеу «Менің көңілді добым».	19.07. 2023ж
«Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары».	20.07. 2023ж
Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы.	21.07. 2023ж
Шілде айы 4 апта	
Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын	24.07. 2023ж

Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарлармен таныстыру	25.07. 2023ж
Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.	26.07. 2023ж
«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет» ойындары	27.07. 2023ж
Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік кәріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру, «Досыма сыйлық».	28.07. 2023ж
Тамыз айы 1 апта	
«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу, шарларға сурет салу, «ең көңілді шар» конкурсын жариялау, түрлі-түсті шардан кемпіркосақ құрастыру.	31.07. 2023ж
Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».	01.08. 2023ж
- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу.	02.08. 2023ж

- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - Наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру.	03.08. 2023ж
- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	04.08. 2023ж
Тамыз айы 2 апта	
«Сықырлы қапшық» дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Қапшықтың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтату, ойыншықты алған соң атын, түсін айтқызу сөйлеу дағдысын дамыту	07.08. 2023ж
- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.	08.08. 2023ж
- Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру; - «Гүлге оранған ханзада мен ханшайым» байқауын өткізу (ән айту, би билеу)	09.08. 2023ж
- Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/6); - шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу.	10.08. 2023ж
Құрастырмалы материалдардан түрлі үйлерді жинап құрастыруды қалыптастыру Ұлттық ойындар ойнату.	11.08. 2023ж
Тамыз айы 3 апта	

Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; -отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету.	14.08. 2023ж
- Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу; - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	15.08. 2023ж
- Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу; - сюжетті-рөлдік ойындар ойнату: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б.	16.08. 2023ж
- Куыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап, дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру; - тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату;	17.08. 2023ж
- «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау; - «Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айтқызу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр»,	18.08. 2023ж
Тамыз айы 4 апта	
- «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу тілін дамыту; - ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	21.08. 2023ж
- Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; - бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету.	22.08. 2023ж
- Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру- театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; -	23.08. 2023ж

қойылым желісін ойластыру; -рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау; - қойылымды қою.	
- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру	24.08. 2023ж
- Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектену; - «Бәйге» ұлттық ойынын ойнату.	25.08. 2023ж
Тамыз айы 5 апта	
«Мен атамның көмекшісімін» тақырыбында әңгімелесу;	28.08. 2023ж
«Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концертке қатысу	29.08. 2023ж
«Қош бол жайдары жаз» музыкалық іс шараны ұйымдастыру	31.08. 2023ж